

3 APPLIED PSYCHOLOGY AND RESEARCH ҚОЛДАНБАЛЫ ПСИХОЛОГИЯ ЖӘНЕ ЗЕРТТЕУЛЕР ПРИКЛАДНАЯ ПСИХОЛОГИЯ И ИССЛЕДОВАНИЯ

FTAXP 15.41.25

ӨОЖ 159.9.072

JEL 1.12. 119

<https://doi.org/10.46914/2959-3999-2025-1-2-28-37>

БАПАЕВА С.Т.,*¹

ӘЛ.Ғ.М., сениор-лектор.

*e-mail: s.bapayeva@turan-edu.kz

ORCID ID: 0000-0001-5650-3131

КҮЗЕМБЕК А.Р.,²

ӘЛ.Ғ.М., психолог.

e-mail: adilya.kuzembek@mail.ru

ORCID ID: 0009-0005-4680-6178

¹«Тұран» университеті,

Алматы қ., Қазақстан

²«Qamqor» медициналық орталығы,

Алматы қ., Қазақстан

ЕМТИХАН БАРЫСЫНДАҒЫ СТРЕССТІҢ СТУДЕНТТЕРДІҢ ОҚУ МОТИВАЦИЯСЫНА ЫҚПАЛЫ

Аңдатпа

Бұл мақалада студенттердің емтихан кезеңіндегі стресстің оқу мотивациясына әсері жан-жақты зерттеледі. Зерттеудің мақсаты – емтихан уақытындағы психологиялық күйзелістің студенттердің оқу белсенділігіне, өзін-өзі бағалауына, эмоционалдық тұрақтылығына және мотивациялық деңгейіне тигізетін ықпалын анықтау. Зерттеу әдістері зерттеудің моделіне байланысты іріктелді: психологиялық және педагогикалық әдебиеттің аналитикалық және теориялық талдауы; эмпирикалық әдістер: сұхбат, студенттерге арналған авторлық сауалнама; Дембо-Рубинштейннің «Өзін-өзі бағалауды диагностикалау» әдістемесі, А.А. Реанның «Табыс мотивациясы және сәтсіздіктен қорқу» әдістемесі, Ч.Д. Спилберг және Л. Ханин «Реактивті және тұлғаның мазасыздық деңгейін анықтау» әдістемесі қолданылды. Зерттеу барысында студенттердің алаңдаушылық деңгейінің жоғарылайтыны, өзін-өзі бағалаудың төмендеуі және оқу мотивациясының өзгеретіні анықталды. Эмпирикалық нәтижелер емтихан кезеңіндегі стресстің студенттердің оқу процесіне теріс әсер ететінін көрсетті. Бұл құбылыстардың алдын алу үшін студенттердің психологиялық қолдауын арттыру, стрессті басқару дағдыларын дамыту, білім беру жүйесінде қолайлы орта қалыптастыру ұсынылады. Зерттеу қорытындылары білім беру мекемелерінде психологиялық қызмет сапасын жақсартуға, емтихан процесін тиімді ұйымдастыруға, сондай-ақ студенттердің тұлғалық және академиялық дамуын қолдауға бағытталған шараларды әзірлеуге септігін тигізеді.

Тірек сөздер: стресс, емтихан, оқу мотивациясы, студент, өзін-өзі бағалау.

Кіріспе

Заманауи Қазақстандағы білім беру жүйесінің өзгерістерге ұшырауы қоғамның әлеуметтік сұранысына байланысты. Бүгінгі күні оқу бағдарламаларын қайта қарастыру қажеттігі туындап отыр, себебі қоғамға шығармашыл, мақсаты айқын, жауапкершілігі мол тұлғалар қажет.

Бұл қажеттілік білім беру саласында жаңа әдіс-тәсілдерді енгізуді талап етеді. Оқу бағдарламаларын жаңғырту барысында креативті ойлауды дамыту, сыни тұрғыдан талдау жасау, командалық жұмысқа бейімделу, өмір бойы білім алу қабілеттерін қалыптастыру маңызды.

Сонымен қатар, тұлғаның жан-жақты дамуына ықпал ететін құндылықтар, ұлттық тәрбие, мәдениет және азаматтық жауапкершілік мәселелері де басты назарда болуы тиіс. Осылайша, білім беру жүйесінің жаңартылуы Қазақстанның болашақта жаһандық бәсекеге қабілетті ел ретінде дамуына ықпал етеді.

Қазіргі уақытта жоғарғы оқу орындарындағы студенттерді өз мамандықтары бойынша даярлау барлық мамандықтарға деген қажеттіліктердің толық өтелуіне мүмкіндік беріп жаңа білімді, жаңа бағдарды толық игеруде деп айта алмаймыз ба? Жоғары оқу орнындағы оқытушылар мақсаты танымдық белсенділігін жоғарлату, сабаққа деген мотивациясын ояту, өзін-өзі дамытуға деген ұмтылыс, алған білімдерді практикада тиімді пайдалануға үйрету болып табылады.

Жоғарғы оқу орнының негізгі мақсаты студентті толыққанды тұлға ретінде қалыптастыру. Бұл кезеңнің сензитивтілігі студенттің өзіндік дамуына аса мүмкіндік жасайды. Сонымен қатар студенттердің мотивациясының өзгеруіне әсер етуші факторларда бар: білім беру орталығының студенттермен ара қатынсы, жастық, жеке, индивидуалды типологиялық ерекшеліктері, педагогтың субьективті ерекшелігі, студенттермен қарым-қатынас жасау ерекшелігі ескерілуі керек.

Материалдар мен әдістер

Студенттердің емтихан кезіндегі күйзелістерінің оқу мотивациясына әсерін эмпирикалық зерттеу үшін біз төмендегідей тұрғыларды негізге алдық:

1) зерттеу әдістері зерттеу объектісінің ерекшелігіне, табиғатына сәйкес келуі тиіс. Тек сол жағдайда ғана олар алынған нәтижелердің нақтылығын, объективтілігін қамтамасыз етеді;

2) әрбір зерттеу әдісінің өзіне тән нақты мәні бар болғандықтан, құбылыстың жан-жақты зерттелуін қамтамасыз ететін әдістер, тәсілдер және құралдар кешені қолданылуы тиіс.

Психологиялық әдістемелердің барлық типтеріне ұсынылатын талаптар:

- ♦ әдістеменің көмегімен өлшенетін көрсеткіштер құрылымының сипаттамасын, оларды анықтау қажеттігінің дәлелін және әртүрлі зерттеулерде қолдану мүмкіндігін қамтитын әдістемелердің ғылымилығы, оларды қолданудың негіздемелілігі;

- ♦ әдістемелердің валидтығы;

- ♦ нұсқаулардың және тесттік материалдың стандарттылығы;

- ♦ тексерудің қарапайымдылығымен, содай-ақ жүргізу жылдамдығымен анықталатын әдістемелерді тәжірибеде қолдану мүмкіндігі.

Әртүрлі сұрақнамаларға тән критерийлер:

- ♦ сұрақнама шетелде құрастырылған болса, оның отандық әлеуметтік-мәдени жағдайларға бейімделуі;

- ♦ зерттеуден алынған нәтижелерді бағалау үшін шкалалардың болуы;

- ♦ әдістеменің жеткілікті дәрежеде кеңінен қолданылуының көрсеткіші ретінде әлеуметтік әдебиетте жариялануы.

Эксперименттік зерттеу жұмысының әдістемесі және процедурасын жүргізу барысында авторлық анкета; «Дембо-Рубинштейн әдістемесі», А.А. Реанның «Табыс мотивациясы және сәтсіздіктен қорқу» әдістемесі, Ч.Д. Спилберг және Л. Ханин «Реактивті және тұлғаның мазасыздық деңгейін анықтау» әдісі қолданылды.

Зерттеу 2024 ж. алғашқы емтихан кезеңінде Алматы қаласының студенттеріне жүргізілді. Зерттеуге 1 және 4 курс студенттерінің арасынан 50 студент қатысты. 1-курстан 13 студент, 2-курстан 4 студент, 3-курстан 7 студент, 4-курстан 26 студент қатысты.

Нәтижелер мен талқылау

Сараптамалық бағалау әдісін жүзеге асыруда, психолог мамандығымен өзге де мамандықта оқитын студенттерге сауалнама жүргізілді. Сауалнаманың жүргізілу себебі студенттердің

арасында оқу кезеңінің қай этапы қиын екендігін, негізгі оқу кезіндегі мәселелері қандай екендігін анықтау болды. Сауалнамаға студенттердің көкейінде жүрген сұрақтар қойылып тест жүзінде анонимді алынды.

Сауалнамаға 60 студент қатысты. Сауалнамада емтиханның студенттің өмірі үшін маңызы қандай екендігін, стресс және мазасыздыққа түсуінің басты себептері қандай екендігін, оқу мотивациясына негізгі мотив беруші күштің не екендігін анықтау мақсатында алынды. Сауалнама 1–4 курс студенттерінен алынды. Сауалнамаға қатысушы студенттердің жасы 17–23 жас аралығын құрады. Сауалнаманы жүргізу барысында мынадай нәтижелерге қол жеткіздік.

Кесте 1 – Емтихан кезінде студенттердің стресс деңгейі мен оның әсері

Сұрақтар	Факторлар	Саны	%
Емтихан сіз үшін	Білім	7	23,3
	Стресс	13	43,3
	Нәтиже	10	33,3
Мазасыздық жағдай сізге қалай әсер етеді	Денсаулығы нашарлайды	5	16,6
	Көңіл-күйім түседі	8	26,6
	Өзін-өзі бағалауым төмендейді	17	56,6
Күйзелістен қаншалықты тез шығасыз	Лезде	6	20
	Біршама уақыт	15	50
	Бірнеше күндер	9	30
Сіз үшін студенттік кезеңдегі ең қарқынды оқыған кезең	Оқу жылының басында	11	36,6
	Оқу жылының аяғында	5	16,6
	Емтихан кезеңінде	14	46,6
Ескертпе: Авторлармен құрастырылған.			

Сұрақ нәтижесі бойынша студенттердің басым көпшілігі үшін емтиханның стресс деген сөзбен ассоциация болатындығы анықталды.

Сауалнама жауап беру барысында студенттердің негізгі акцент қоятыны денсаулық жағдайы емес, көңіл-күйі де емес олардың өздеріне деген сенімсіздігінен өзін-өзі бағалауы төмендейтіндігі анықталды.

Сіз үшін студенттік кезеңдегі ең қарқынды оқыған кезеңі деген сұраққа студенттердің басым көпшілігі емтихан кезеңі деп жауап беруі, оқудың қай кезеңі болса да шешуші сәттің бәрі-бір аса үлкен маңызға ие екендігін көрсетіп отыр.

Сауалнама нәтижесін сараптай келе емтиханның студенттер үшін стресстік жағдай екендігі, мазасыздық жағдайында көбіне өзін-өзі бағалауы төмендейтіні, күйзелістен шығуда ұзақ уақыттың кететіндігі, студенттік кезеңдегі ең қарқынды оқыған кезеңнің тек емтихан кезеңі екендігі анықталды. Бұл нәтижелерге байланысты студенттердің сауалнама жүзінде жүргізілген тестті тереңірек зерттеуді жөн деп шештік. Бұл студенттер үшін емтихан кезеңінің орны зор екендігін білдіреді.

Анықтаушы зерттеудің мақсаты емтихан барысындағы стресстің жоғары оқу орнындағы студенттерің оқу мотивациясына ықпалы мен ағымдағы оқу жылындағы оқудың студенттердің оқу мотивациясына қалай әсер ететіндігін анықтау.

Зерттеу топтарын таңдау кездейсоқ емес, ол келесі факторларға байланысты болды. Зерттеу нәтижесі бізге бірінші курс студенттері және үшінші, төртінші курс студенттері айқын түрде әр түрлі оқу мотивациясының кезеңінде екенін көрсетті. Бірінші курс студенттері оқудың мазмұнын енді түсініп келе жатқан болса, төртінші курс үшін оқу өз актуалдылығын жоғалтқандығын байқаймыз. Оқу іс-әрекетінен гөрі еңбек іс-әрекетіне көп көңіл бөлгендігін байқаймыз. Үшінші курс студенттері көп жағдайда оқу іс-әрекетіне ден қойған.

Студенттердің әр түрлі факультетте оқуы да кездейсоқ емес. Мақсат гуманитарлық бағытта оқитын студенттер мен жаратылыстану бағытында оқитын оқушылардың оқу мотивациясында айырмашылық бар-жоқтығын анықтау болған. Бірақ мұндай классификацияның еш мәнділігі болмады. Себебі екеуінде аса үлкен айырмашылық жоқ.

Студенттердің жас айырмашылықтары ескерілді. Бірінші курс студенттерінің 69% 17 жаста, 20% 18 жаста, 3 курс студенттер 55% 20 жаста 27% 19 жаста. Жыныс, жас ерекшелігін пайдаланғанымен, оны аса қатты зерттемейміз.

Нәтижесінде, емтихан кезеңі студенттің эмоцияналдық, функционалдық жай-күйін төмендетеді. Индивидуалды айырмашылықтарына қарамастан, емтиханның оқу мотивациясына әсерінің бар екендігін анықтадық. Бұл кішігірім қажеттіліктен басталып, қолайсыздықтан қашып, қалыпты өмірге қол жеткізуі үшін екендігі анықталды.

Оқу мотивациясы өзгеріп тұрады. Оқу мотивациясын дамытуға емтиханның әсері бар, бірақ соның 30% емтихан кезінде мотивациясының сөнетінін анықтағанда қаншалықты есте сақтауы көп болса, соншалықты ұмыту деңгейі де жоғары болатындығы анықталды.

Бағыт-бағдар емтихан кезінде өзгереді. Көп жағдайда емтихан кезінде соншалықты дайындалғанына қарамастан 50%-ын ұмытады. Яғни, бұл емтиханға дайындық қаншалықты жақсы болса да, ұмыту коэффициенті төмен. Бірақ осы зерттеу нәтижесінде емтиханға дайындық басталады.


Ч.Д. Спилберг және Л. Ханин «Реактивті және тұлғаның мазасыздық деңгейін анықтау» әдістемесін таңдауымыздың себебі студенттердің ситуациялық немесе реактивті және тұлғалық мазасыздықтарының көріністерін зерттеу. Сонымен қатар, әдістеме көп зерттеулерде өзінің валидтілігімен және көп қолданылатындылығымен алынып отыр. Әдістемеде мазасыздық стресске көрсетілген реакция ретінде анықталады. Ч.Д. Спилберг мазасыздықты өз теориясында былай көрсетеді:

1. Қандай да бір тұлғаға қысым түскенде, тұлғалық жайсыздықты сезінетін жағдай кезіндегі мазасыздық. Субъективті мазасыздық тұлғаның эмоцияналды қысымынан.

2. Уайымның маңызды себептерінен немесе қарқынды түрде тұлғаның мазасыздық туралы қорқынышы. Бұл жағдайларға негізгі фактор болып мазасыздықтың қанша уақытқа созылатындығына байланысты.

3. Мазасыздық деңгейі жоғары тұлғалар көп жағдайда күрделі мәселені сәтсіздікке немесе қарқынды өзіне түскен жүк деп бағалайды.

4. Тұлғадағы мазасыздық жағдайы оның іс-әрекетіндегі тіпті қорғаныс жүйесіне де айналып кетуі мүмкін. Әрқашан қайталанатын тұлғадағы жайсыз жағдайларға әрқашан жасалатын сәтсіздіктен қашуға деген әрекет түрі тіпті тұлғаның қалыпты қорғаныс механизміне айналады.




Сурет 1 – Студенттердің мазасыздану деңгейі, (%)

Ескертпе: Авторлармен құрастырылған.

Зерттеу барысында студенттердің мазасыздық деңгейіне де мән берілді. Нәтижелерге сәйкес, мазасыздықтың жоғарғы деңгейі 46%-ды құраса, мазасыздықтың төменгі деңгейі 54%-ды құрайды.


Зерттеу нәтижесінде мазасыздықты екі топқа бөліп қарастырдық. Ситуативтік немесе реактивті мазасыздық және тұлғалық мазасыздық. Студенттердің тұлғалық мазасыздығының жоғары екендігі анықталды. Бұны ситуациялық мазасыздық деңгейінің 19,94 пайыздық көрсеткішін құрағандығынан, ал тұлғалық көрсеткішінің 56,57 пайыздық көрсеткішті құрағандығынан көре аламыз.



Сурет 2 – Студенттердің ситуациялық немесе реактивті мазасыздықтарының деңгейі

Ескертпе: Авторлармен құрастырылған.

Студенттердің ситуациялық немесе реактивті мазасыздықтарының жоғары деңгейі 30%-ды құраса, орташа деңгейі 64%-ды құрайды, төменгі деңгейі 6%-ды құрайды.



Сурет 3 – Студенттердің тұлғалық мазасыздану деңгейі


Ескертпе: Авторлармен құрастырылған.

Ситуативті немесес реактивті мазасыздықтың деңгейін өлшей келе зерттеуге қатысқан студенттердің екеуі төмен деңгейде, 30 студент орта деңгейде, 18 студент жоғарғы деңгейде екендігі анықталды.

Тұлғалық мазасыздықтың деңгейін өлшей келе зерттеуге қатысқан студенттердің біреуі төмен деңгейде, 21 студент орта деңгейде, 28 студент жоғарғы деңгейінде екендігі анықталды.

Студенттердің зерттеу барысында ситуативті немесес реактивті мазасыздықтың деңгейінен тұлғалық мазасыздықтың деңгейі өте үлкен айырмашылықпен жоғары екендігі анықталды.

Бұл студенттердің қалыптасқан жағдайда ситуацияның қалай өрбейтіндігі емес осы ситуация барысында тұлғада яғни өзінде болатын қиындықтар жиірек мазалайды.



Сурет 4 – Ситуативті және тұлғалық мазасыздық деңгейлерінің айырмашылығы

Ескертпе: Авторлармен құрастырылған.

Кесте 2 – Студенттердің өзін-өзі бағалауының курстық айырмашылық кестесі

Курс	Өзін-өзі бағалауы адекватты		Өзін-өзі бағалауы төмен		Өзін-өзі бағалауы жоғары	
	Саны	%	Саны	%	Саны	%
1-курс	4	30,8	3	23,1	6	46,1
2-курс	1	25	1	25	2	50
3-курс	2	28,6	2	28,6	3	42,8
4-курс	8	30,8	1	3,8	17	65,4

Ескертпе: Авторлармен құрастырылған.


Студенттерге жүргізілген әдісінің қортындысы бойынша өзін-өзі жоғары бағалайтындар саны 28 құрады. Ал, өзін-өзі бағалауы адекватты студенттердің саны 15 болса, өзін-өзі төмен бағалайтындардың саны 7-ні құрап отыр. Өзін-өзі жоғары бағалайтындар саны 1-курс студенттері арасынан 6 студентті құрады. Ал, өзін-өзі бағалауы адекватты бағалайтын студенттердің саны 4 болса, өзін-өзі төмен бағалайтындардың саны 3 студентті құрап отыр; 2-курс студенттері арасынан 2 студентті құрады. Ал, өзін-өзі бағалауы адекватты бағалайтын студенттердің саны 1 болса, өзін-өзі төмен бағалайтындардың саны 1 студентті құрап отыр; 3-курс студенттері арасынан 3 студентті құрады. Ал, өзін-өзі бағалауы адекватты бағалайтын студенттердің саны 2 болса, өзін-өзі төмен бағалайтындардың саны 2 студентті құрап отыр; 4-курс студенттері арасынан 17 студентті құрады. Ал өзін-өзі бағалауы адекватты бағалайтын студенттердің саны 8 болса, өзін-өзі төмен бағалайтындардың саны 1 студентті құрап отыр.

Зерттеу барысында студенттердің ашық – эсплицит және жасырын – имплицит мотивтерін анықтау үшін біз студенттердің оқу іс-әрекетінің мотивін зерттеуге арналған А. Реан және В.А. Якуниннің әдістемесін қолдандық. Әдістемені таңдауымыздың басты себебі сауалнама арқылы біз 16 оқуға деген мотивтің себебін анықтай алатындығымызда. Оқу іс-әрекетін зерттеудегі ең көп қолданылатын әдістеменің бірі болып табылатындығында. Әдістеменің екі нұсқасы бар: алғашқысы негізгі 5 мотивті анықтап берсе, келесі нұсқасы мотивтердің деңгейін анықтайды. Біз зерттеуге негізгі 5 мотивті анықтауға арналған әдістемені алдық. Біз бұл әдістеме әлеуметтік қажеттілікті қаншалықты сезінетіндігін анықтауға да мүмкіндік беретіндігін ескере отырып студенттердің эсплициттік мотивін анықтау үшін қолдандық. Әдістеме бізге мотивтер санының сан қырлы екендігін анықтауға және деңгейлерінің әр адамда

әр түрлі екендігін анықтауға мүмкіндік берді. Әдістеменің бірінші нұсқасын таңдауымыздың басты себебі уақыттың тиімділігі, нәтижесі нақты әрі басқа әдістемелермен салыстыруға ыңғайлы нәтиже көрсететіндігінде. Әдістеме жетістікке жетуге және сәтсіздіктен қашуға деген деңгейін анықтауға мүмкіндік береді.

Жетістікке жетуге ұмтылушы тұлғалар – бәсекелестік, өзін мойындату, көшбасшылық мақсатына жетуге деген үміті жоғары болады. Бұндай адамдар көп жағдайда өзіне сенімді, өз күшімен нәтижелі жұмыс істеп, белсенді әрекет етуші ретінде көрінеді.

Сәтсіздіктен қашуға ұмтылатын тұлғалар жағымсыз мотив түрін көрсетушілер. Бұл жағдайда адамның белсенді әрекеті керісінше оның сәтсіздіктен қашуға бағытталған іс-әрекетіне байланысты болады. Әрекеттерінің пассивті болуы оның жағымсыз нәтиже күтуінен, оны өзгертуге шамасы жетпейді деп түсінуінен. Кез-келген жұмысты бастар сәттен бастап тұлғаның сәтсіздіктер жайлы ойлауында және осы сәтсіздіктен қашу жайлы ойдан жетістікке жету туралы ой мүлде алыстап кетеді. Сәтсіздікке бағытталған мотивтері бар тұлғалар көп жағдайда жоғары мазасыздық деңгейі мен өзіне деген сенімділігінің төмендігімен анық көзге түседі.



Сурет 5 – Студенттердің оқу іс-әрекетінің мотиві (%)

Ескертпе: Авторлармен құрастырылған.

Студенттердің мотивациясын анықтау мақсатында жүргізілген табыс мотивациясы және сәтсіздіктен қорқу әдістемесінің анықтамасы бойынша жолы болмаушылықтан қорқу жоқ, жолы болмаушылықтан қашатын екі студенттің бар екендігі, мотивациясы толық анықталмаған жиырма бір студенттің бар екендігі, мотивацияға деген бағыттылығы бар жиырма жеті студенттің бар екендігі анықталды.

1-курс студенттерінің табыс мотивациясы және сәтсіздіктен қорқу деңгейін анықтай келе жолы болмаушылықтан қорқу деңгейі студенттерде мүлде көрініс бермеді. Нақты жолы болмаушылықтан қашу деңгейінде 1 студент, мотивациясы толық анықталмаған 1 студент, мотивацияға деген бағыттылығы бар 11 студент анықталды; 2-курс студенттерінің табыс мотивациясы және сәтсіздіктен қорқу деңгейін анықтай келе жолы болмаушылықтан қорқу деңгейі студенттерде мүлде көрініс бермеді. Нақты жолы болмаушылықтан қашу деңгейінде студент жоқ, мотивациясы толық анықталмаған 2 студент, мотивацияға деген бағыттылығы бар 3 студент анықталды; 3 курс студенттерінің табыс мотивациясы және сәтсіздіктен қорқу деңгейін анықтай келе жолы болмаушылықтан қорқу деңгейі студенттерде мүлде көрініс бермеді. Нақты жолы болмаушылықтан қашу деңгейінде 1 студент, мотивациясы толық анықталмаған 3 студент, мотивацияға деген бағыттылығы бар 3 студент анықталды; 4-курс студенттерінің табыс мотивациясы және сәтсіздіктен қорқу деңгейін анықтай келе жолы болмаушылықтан қорқу деңгейі студенттерде мүлде көрініс бермеді. Нақты жолы болмаушылықтан қашу деңгейінде студент жоқ, мотивациясы толық анықталмаған 15 студент, мотивацияға деген бағыттылығы бар 10 студент анықталды.

Жалпы студенттердің табыс мотивациясы және сәтсіздіктен қорқу деңгейін анықтай келе сәтсіздік мотивациясына бағыттылық деңгейі студенттерде мүлде көрініс бермеді. Сәтсіздік мотивациясына бағыттылығы бар студенттер саны мотивациялық полюсі айқын емес студенттерге қарағанда аз, жетістік мотивациясы және жетістік мотивациясына бағыттылығы бар студенттердің саны оларға қарағанда көп екендігін байқай аламыз.

Кесте 3 – Студенттердің оқу іс-әрекетінің мотивін зерттеуі бойынша А. Реан және В.А. Якуниннің әдістемесінің жалпы сипаттама кестесі

Мотивация деңгейі Курс	1-курс		2-курс		3-курс		4-курс	
		%		%		%		%
Сәтсіздік мотивациясы	0	-	0	-	0	-	0	-
Сәтсіздік мотивациясына бағыттылық бар	2	90%	0	-	1	10%	0	
Жетістік мотивациясы	10	35,7%	2	7%	5	17,8%	11	39,2%
Жетістік мотивациясына бағыттылық бар	0	-	2	15%	2	15%	10	70%
Мотивациялық полюс ақын көрсетілмеген	1	20%	0	-	0	-	3	80%
Ескертпе: Авторлармен құрастырылған.								

Студенттердің оқу іс-әрекетінің мотивін зерттеуі бойынша А. Реан және В.А. Якуниннің әдістемесінің нәтижесі бойынша сәтсіздік мотивациясы жалпы студенттерде байқалмады. Сонымен қатар, сәтсіздік мотивациясына бағыттылық бар студенттерде анықталмады. Бірақ жетістік мотивациясы 25 студентте, жетістік мотивациясына бағыттылық бар 22 студентте, мотивациялық полюс айқын көрсетілмеген 3 студент анықталды.

Қорытынды

Зерттеу 2024 ж. алғашқы емтихан кезеңінде Алматы қаласының студенттеріне жүргізілді. Зерттеуге 1 және 4-курс студенттерінің арасынан 50 студент қатысты. 1-курстан 13 студент, 2-курстан 4 студент, 3-курстан 7 студент, 4-курстан 26 студент қатысты.

1. Әдеби дереккөздерді талдау қорытындысы бойынша студенттердің стресстік сипатына әсер ететін факторлар стресстік жағдай және оның мінез-құлқына қалай әсер ететіндігі жайлы айтылды. Ең көп біздің ойымызша, қызықты факторлар – тұлғалық деңгей және нейротизм, өзін-өзі бағалау, бақылау локусы, проблемалы және эмоциосфокусирленген копинг, қол жеткізу мотивациясы болып табылды. Маман дайындауда аса маңызды жауапкершілігі мол шешуші кезең болып есептелетіндіктен, емтихан және стресс туралы көптеген әдебеттерге жүгіндік. Сонымен қатар өзін-өзі бағалау мен мотивациясындағы айырмашылықтар туралы теориялық талдаулар жасалды.

2. Нәтижелері эксперимент көрсеткендей, арнайы сауалнамалық анкета жүргізіліп, нәтижесінде студенттердің үшеуі аса маңызды болған сауалнама ішінде сұрақтардың жауаптарын пайдалана отырып арнайы әдістер таңдалды. Таңдау, осы зерттеуге қатысқан, бірнеше жоғары жетістіктер және тәуекелге дайындық саласындағы басым бірнеше жоғары үрейленумен сипатталады. Сәтсіздікті болдырмау мотивациясы арқылы табысқа жету мотивациясы пайда болатындығы анықталды. Қалғандары өлшенетін сипаттамалар нормативтік талаптарға сәйкес келеді. Оқу мотивациясы зерттелетін студенттердің іріктеу кезінде өзін-өзі дамыту мен өзін-өзі қауіпсіздік қажеттілігінің төмендігі төмендейтіндігі анықталды.

3. Сыналушылардың үш тобын салыстыру нәтижесінде әрі қарай талдау үшін маңызды сәттерді: гуманитарлық және жаратылыстану бағытында оқитын студенттерде оқу бағытына қатысты айырмашылықтың жоқ екендігі анықталды. Бұдан басқа, бірінші курс психологтары ең үлкен тәуекелге дайындықпен, ал 3-курс психологтары ең аз жеке мазасыздық деңгейі бар екендігі анықталды. Мотивациялық салада топтар арасындағы маңызды айырмашылықтар жоқ. А. Реан және В.А. Якуниннің әдістемесі нәтижесінде жетістік мотивациясының жоғары екендігі анықталды.

4. Бақылау экспериментінде алынған нәтижелерге сүйене отырып және студенттердің іріктеуге қатысуы негізінде әр курстағы жауапкершілік пен мүмкіндіктің әр түрлі болуы студенттердің өзін-өзі бағалауына да әсері болатындығы анықталды. Ч.Д. Спилберг және Л. Ханин әдісін қолдану нәтижесінде мазасыздық деңгейінің төмен екендігі, оның ішінде ситуативті мазасыздық деңгейі орташа, тұлғалық мазасыздық деңгейі жоғары екендігі анықталды. Студенттердің басым көпшілігінде өзін-өзі бағалау деңгейі жоғары екендігі анықталды.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Devlin M., Samarawickrema G. The criteria of effective teaching in a changing higher education context // High Educ Res Dev. 2010, no. 29(2), pp. 111–124.
- 2 Rathnakar U., Ullal S.D., Pai P.G., Rajeshwari S., SUDhaKaR P., Shivaprakash G. Is small group teaching among the under graduate dental students really effective? // J Clin Diagn Res. 2011, no. 5(4), pp. 822–825.
- 3 Norhidayah A., Kamaruzaman J., Syukriah A., Najah M., Azni Syafena Andin S. The factors influencing students' performance at Universiti Teknologi MARA Kedah, Malaysia // Manage Sci Eng. 2009, no. 3(4), p. 81.
- 4 Mlambo V. An analysis of some factors affecting student academic performance in an introductory biochemistry course at the university of the West Indies // Caribbean Teach Scholar. 2011, no. 1, p. 2.
- 5 Neemati N., Hooshangi R., Shurideh A. An investigation into the learners' attitudes towards factors affecting their exam performance: a case from Razi university // Procedia Soc Behav Sci. 2014, no. 98, pp. 1331–1339.
- 6 Siabani S., Moradi M.R., Siabani H. Students' view points on the educational problems in medical school of Kermanshah university of medical sciences // J Kermanshah Univ Med Sci. 2009, no. 13, p. 22.
- 7 Ali S., Haider Z., Munir F., Khan H., Ahmed A. Factors contributing to the students academic performance: a case study of Islamia university sub-campus // Am J Educ Res. 2013, no. 1(8), pp. 283–289.
- 8 Yusefzadeh H., Amirzadeh Iranagh J., Nabilou B. The effect of study preparation on test anxiety and performance: a quasi-experimental study // Advances in medical education and practice. 2019, no. 10, pp. 245–251.
- 9 Singh M.K. A study of the impact of examination stress on academic achievement of students of higher education // TechnoLearn: An International Journal of Educational Technology. 2022, no. 12(1), pp. 27–36.
- 10 Everly G.S., Rosenfeld R. A clinical guide to the treatment of the human stress response. Plenum Press, 2001.
- 11 Shanahan M.J., Porfeli E.J., Mortimer J.T. Young adulthood & distress: A life course analysis of selection & causation mechanisms // Society for Research in Child Development. 2002.
- 12 Perkins H.W., Santinello M. Bullying in school & adolescent sense of empowerment: An analysis of relationships with parents, friends & teachers // Journal of Community & Applied Social Psychology. 2007. URL: <https://doi.org/10.1002/casp.996>

БАПАЕВА С.Т.,*¹

м.соц.н., сениор-лектор.

*e-mail: s.bapayeva@turan-edu.kz

ORCID ID: 0000-0001-5650-3131

КҮЗЕМБЕК А.Р.,²

м.соц.н., психолог.

e-mail: adilya.kuzembek@mail.ru

ORCID ID: 0009-0005-4680-6178

¹Университет «Туран»,

г. Алматы, Казахстан

²Медицинский центр «Qamqog»,

г. Алматы, Казахстан

ВЛИЯНИЕ ЭКЗАМЕНАЦИОННОГО СТРЕССА НА УЧЕБНУЮ МОТИВАЦИЮ СТУДЕНТОВ

Аннотация

В данной статье всесторонне исследуется влияние стресса в период экзаменов на учебную мотивацию студентов. Цель исследования – определить воздействие психологического напряжения в экзаменационный

период на учебную активность, самооценку, эмоциональную устойчивость и уровень мотивации студентов. Методы исследования были выбраны в соответствии с моделью исследования: аналитический и теоретический анализ психологической и педагогической литературы; эмпирические методы: интервью, авторская анкета для студентов; методика диагностики самооценки Дембо-Рубинштейна, методика А.А. Реана «Мотивация успеха и боязнь неудачи», методика Ч.Д. Спилберга и Л. Ханина «Определение уровня реактивной и личностной тревожности». Результаты исследования показали, что уровень тревожности студентов увеличивается, их самооценка снижается, а учебная мотивация изменяется под воздействием стресса. Эмпирические данные подтвердили отрицательное влияние экзаменационного стресса на учебный процесс. Для предотвращения этих явлений предлагается усиление психологической поддержки студентов, развитие навыков управления стрессом и создание благоприятной образовательной среды. Выводы исследования могут быть полезны для улучшения качества психологической службы в образовательных учреждениях, эффективной организации экзаменационного процесса и поддержки личностного и академического развития студентов.

Ключевые слова: стресс, экзамен, учебная мотивация, студент, самооценка.

BAPAYEVA S.T.,*¹

master of social sciences, senior lecturer.

*e-mail: s.bapayeva@turan-edu.kz

ORCID ID: 0000-0001-5650-3131

KUZEMBEK A.R.,²

master of social sciences, psychologist.

e-mail: adilya.kuzembek@mail.ru

ORCID ID: 0009-0005-4680-6178

¹Turan University,

Almaty, Kazakhstan

²Qamqor Medical Center,

Almaty, Kazakhstan

THE IMPACT OF EXAM STRESS ON STUDENTS' ACADEMIC MOTIVATION

Abstract

This article thoroughly explores the impact of exam-related stress on students' academic motivation. The study aims to determine how psychological tension during exams affects students' learning engagement, self-esteem, emotional stability, and motivation level. Research methods were selected based on the study model: analytical and theoretical analysis of psychological and pedagogical literature; empirical methods, including interviews, an author-designed student questionnaire, Dembo-Rubinstein's methodology for the «diagnosis of self-esteem», A.A. Rean's «Achievement Motivation and Fear of Failure» method, and the «State and Trait Anxiety» method by C.D. Spielberger and L. Khanin. The results revealed increased anxiety levels, decreased self-esteem, and changes in students' academic motivation due to exam-related stress. Empirical findings confirmed the negative influence of exam stress on the learning process. To prevent these phenomena, strengthening psychological support for students, developing stress management skills, and creating a supportive educational environment are recommended. The study's findings can enhance psychological services in educational institutions, improve exam process organization, and support students' personal and academic development.

Keywords: stress, exam, academic motivation, student, self-esteem.

Мақаланың редакцияға түскен күні: 10.12.2024